



## БҰЙРЫҚ

2024 жыл 2 мамыр

Ақтөбе қаласы

## ПРИКАЗ

№ 142 н/к

город Актөбе

**«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің  
өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу  
жөніндегі комиссияны құру туралы»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім мен ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысының 2024 жылғы 20-ақпандағы №89 бұйрығы негізінде №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу мақсатында

### БҰЙЫРАМЫН:

1. №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін төмендегі құрамда жұмысшы тобы құрылсын:
  - 1) А. Кисикова – мектеп директоры, жұмысшы тобының төрағасы;  
Құрамы:
    - 2) А. Уразалин – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
    - 3) С. Есеналина – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
    - 4) Г. Уразалина – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
    - 5) Б. Батырғалиев – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
    - 6) С. Таяуова – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
    - 7) М. Бердембаева – директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;
    - 8) Н. Қонырова – кітапханашы, мүшесі;
    - 9) А. Қыныртаева – кәсіподақ комитетінің мүшесі.
2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу жұмысшы тобына міндеттелсін.

## **Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Уразалин:**

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы, деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы;

-сыныптардың толықтығы туралы;

-білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

-білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

-білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру;

-«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы оқу;

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

-білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

-инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

-сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып.

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

-тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

-сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

-интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

-ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);

-білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

-ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету);

-4,9- сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

-ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау;

#### **Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Есеналина:**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарының өзін-өзі бағалауын жүргізу:

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асырылуы;

-тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің нәтижелері;

-мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

-тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдауы.

#### **Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б. Батырғалиев, С. Таяуова:**

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

-білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

#### **Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Уразалина:**

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшем шарттар:

-бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

- тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы;

- қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы;

- мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы;

- кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы;

- кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы;

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшем шарттар:

- жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

- УОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру.

#### **Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М. Бердембаева:**

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

- бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіз сақтау.

- ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).

- білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы).

- білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы;

- жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы;

-ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы;

-білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарактандырылуы туралы;

-білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы;

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.

**Кітапханашы Н. Қонырова:**

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау;

-оқу және көркем әдебиетінің кітапхана қорының болуы туралы.

3. №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында қаралып, мектеп ұжымына және қамқоршылық кеңес мүшелеріне таныстырылсын.

4. Өзін-өзі бағалау қорытындысы жоспарланған мерзімге дейін №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің интернет -ресурстарында орналастырылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А.Кисикова

**Таныстым:**

- 1 Уралима А.
- 2 Майра М.
- 3 Баторғалиев Б.
- 4 Есеналиева С.
- 5 Уралима Ғ.
- 6 Кисикова Н.
- 7 Бердешаева И.
- 8 \_\_\_\_\_
- 9 \_\_\_\_\_